

МРНТИ 15.41.39

10.51889/1318.2022.35.53.030

Баймухамет Р.Б.<sup>1\*</sup>, Өмірбек С.Ж.<sup>1</sup>, Туребаева К.Ж.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан

## АУТИСТИК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРИН ДАМУДА АВА – ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

### Аңдатпа

Бұл мақалада аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөздік қорын дамыту мәселелері қарастырылды. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың санының артуы мен оларды түзету әдістерінің Отандық әдістемесінің жеткіліксіздігі аталған тақырыптың өзектілігін негіздеуге себеп болады.

Аутистік спектр бұзылысы – ерік-жігер саласының бұзылыстары арқылы көрінетін ерекше білімді қажет ететін балалар тобының бірі. Бұл балаларда ерік-жігер саласының теңгерімсіздігі, сөйлеу тілінің бұзылыстары және мінез-құлықтың қиындықтары байқалады.

Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды Р.Каннердің жеке аңғарым ретінде қарастырылуы мен бүгінгі күнгі зерттеулерге дейінгі аралықта көптеген ғылым еңбектер жазылып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Алайда, Отандық ғылымда аталған тақырып әлі күнге дейін жеткілікті түрде зерттелмеген.

Шет елдік әдебиеттер мен зерттеу жұмыстары бүгінгі таңда аутистік спектр бұзылысы бар балалардың мінез-құлық бұзылыстарын түзетудің ең оңтайлы әдісі АВА терапия екендігін дәлелдеп отыр. Сол себепті, зерттеу барысында аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөздік қорының дамуын зерттеу мен оны АВА – терапия арқылы дамыту жұмысының педагогикалық шарттары анықталды. Педагогикалық шарттарды логопедиялық жұмыста қолдану баланың сөйлеу тілін дамытып қана қоймай, оның жағымсыз мінез-құлқының деңгейінің азаюына да ықпал етеді.

Американдық психиатр И.Ловаастың «жеке блоктар арқылы оқыту» әдісі және Ф.С. Скиннердің «мінез-құлықты қолданбалы талдау» әдістерінің және Л.С. Выготскийдің концепциялары негізінде жасақталған қағидаларды логопедия қағидаларымен ұштастыра отырып, сөздік қорын дамыту жұмысының траекториясы ұсынылды. Ұсынылған жұмыстарды логопедиялық сабақтарда қолдану және сәтті енгізу болжануда.

**Кілттік сөздер:** аутистік спектр бұзылысы, сөздік қоры, логопедия, АВА – терапия, қолданбалы талдау, мінез-құлық.

Баймухамет Р.Б.<sup>1\*</sup>, Омирбек С.Ж.<sup>1</sup>, Туребаева К.Ж.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет  
Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова  
Актөбе, Казахстан

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРИМЕНЕНИЯ АВА-ТЕРАПИИ В РАЗВИТИИ СЛОВАРНОГО ЗАПАСА ДЕТЕЙ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

### Аннотация

В данной статье были рассмотрены вопросы развития словарного запаса у детей с расстройствами аутистического спектра. Увеличение числа детей с расстройствами аутистического спектра и недостаточная отечественная методика методов их коррекции обуславливают обоснование актуальности данной темы.

Расстройство аутистического спектра – одна из групп детей, нуждающихся в особых знаниях, проявляющихся в нарушениях сферы воли. У этих детей наблюдается дисбаланс в области воли, нарушения речи и трудности в поведении.

Детей с расстройствами аутистического спектра, в период от рассмотрения Р. Каннером как личной долины до современных исследований, было написано много научных трудов и проведено исследование. Однако в отечественной науке данная тема до сих пор недостаточно изучена.

Зарубежная литература и исследовательские работы доказывают, что на сегодняшний день самым оптимальным методом коррекции поведенческих расстройств у детей с расстройствами аутистического спектра является АВА – терапия. Поэтому в ходе исследования были выявлены педагогические условия работы по изучению развития словарного запаса детей с расстройствами аутистического спектра и его развитию с помощью АВА – терапии. Применение педагогических условий в логопедической работе способствует не только развитию речи ребенка, но и снижению уровня его негативного поведения.

Предложена методика американского психиатра И. Ловааса «обучение через отдельные блоки» и траектория работы по развитию словарного запаса в сочетании с принципами логопедии, разработанными на основе методов «прикладного анализа поведения» Ф. С. Скиннера и концепций Л. С. Выготского. Предполагается использование и успешное внедрение предложенных работ на логопедических занятиях.

**Ключевые слова:** расстройство аутистического спектра, словарный запас, логопедия, АВА – терапия, прикладной анализ, поведение.

*Baimukhamet R.B.<sup>1\*</sup>, Omirbek S.Zh.<sup>1</sup>, Turebayeva K.Zh<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh national women pedagogical university  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup> Aktobe Regional University named after K. Zhubanov  
Aktobe, Kazakhstan*

## **PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE USE OF AVA-THERAPY IN THE DEVELOPMENT OF VOCABULARY IN CHILDREN WITH AUTISTIC SPECTRUM DISORDER**

### *Abstract*

In this article, the issues of vocabulary development in children with autism spectrum disorders were considered. The increase in the number of children with autism spectrum disorders and the insufficient domestic methodology of methods of their correction determine the justification of the relevance of this topic.

Autism spectrum disorder is one of the groups of children in need of special knowledge, manifested in violations of the sphere of will. These children have an imbalance in the will, speech disorders and difficulties in behavior.

Children with autism spectrum disorders, in the period from R. Kanner's consideration as a personal valley to modern research, many scientific papers were written and a study was conducted. However, this topic is still insufficiently studied in Russian science.

Foreign literature and research works prove that today the most optimal method of correcting behavioral disorders in children with autism spectrum disorders is ABA therapy. Therefore, in the course of the study, pedagogical conditions were identified for studying the development of the vocabulary of children with autism spectrum disorders and its development with the help of ABA therapy. The use of pedagogical conditions in speech therapy work contributes not only to the development of the child's speech, but also to a decrease in the level of his negative behavior.

The method of the American psychiatrist I. Lovaas "learning through separate blocks" and the trajectory of work on vocabulary development in combination with the principles of speech therapy developed on the basis of the methods of "applied behavior analysis" by F. S. Skinner and the concepts of L. S. Vygotsky are proposed. It is assumed that the proposed works will be used and successfully implemented in speech therapy classes.

**Keywords:** autism spectrum disorder, vocabulary, speech therapy, ABA therapy, applied analysis, behavior.

### **Кіріспе**

Аутистік спектр бұзылысы – ерекше білімді қажет ететін балалар тобының бірі. Аутистік спектр бұзылысы ерік-жігер саласының айқын байқалатын бұзылысымен сипатталады. Сонымен қатар, бұл бұзылыс кезінде сөйлеу тілінің бұзылыстары, танымдық саланың бұзылысы және моторлық саланың

жеткіліксіздігі кездеседі. Өмір сүру сапасын төмендететін мұндай бұзылыстардың болуы баланың әлеуметтенуі мен коммуникативті дағдыларына кері ықпал етеді [1].

Аутистік спектр бұзылысын 1943 жылы Л.Каннер сипаттап, негізгі белгілерін сипаттап жазған болатын. Автор аутистік спектр бұзылысын алғаш рет «балалар шизофрениясы» бұзылысына бөліп көрсетіп, өзіне тән ерекшеліктерін көрсетті. Ол ерекшеліктер қатарына мінез-құлықтағы тұрақсыз-дықты, ерік-жігер саласындағы теңгерімсіздікті бөліп көрсетті [2].

Автордың зерттеулерінен кейін бірқатар зерттеушілер бұзылыстың ерекшеліктерін, даму мәселелерін негіздей отырып, олардың мінез-құлық бұзылысын түзетуде АВА – терапияның маңызын дәлелдеді.

#### **Әдебиеттерге шолу**

АВА – терапия – мінез-құлықты қолданбалы талдау негізінде жүргізілетін әдіс. Бұл әдісті ең алғаш әдістемелік тұрғыдан 1963 жылы Ивар Ловаас ұсынған болатын [3].

АВА – терапия бірнеше онжылдықтар көлемінде логопедия ғылымында да сәтті пайдаланылып келеді. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарының әртүрлі деңгейде орын алуына байланысты оны дамыту жұмысында АВА – терапия элементтерін қолдану оңтайлы деп саналады.

Әдістің мәні неде? АВА – терапия қоршаған орта факторларының баланың мінез-құлқына әсерін зерттеуге мүмкіндік беретін технологиялар мен әдістемелер жиынтығы болып табылады. АВА – терапияны сонымен қатар, мінез-құлық модификациясы деп те атайды. Яғни, баланың кез келген мінез-құлқы белгілі бір жағдаяттардың салдары болып табылады. Мысалы, баладағы агрессия оның қажетті затын ала алмауы, сұрай алмауы сияқты жағдаяттардың салдары болуы мүмкін. Бұл жағдайда, АВА – терапия баланың мінез-құлқын талдай отырып, оны түзету үшін бағдарлама жасақталады [4].

Бұл әдістің ғылыми дәлелдемесі 30 жыл көлемінде көптеген зерттеулердің негізінде анықталған және расталған. Сол себепті, АВА – терапия элементтерін логопедтің, дефектологтың және психологтың жұмысына енгізу табысты болады деп болжанады.

АВА – терапия бойынша оқыту бірнеше кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең: қарапайым құралдар арқылы оқыту. Бағдарламаның жаттығуларының бірі-«Сөйлеу тілі және оны түсіну». Бұл кезеңде педагог балаға белгілі бір бір құрамды нұсқаулық береді. Мысалы: қолыңды көтер! Нұсқаулықтан кейін педагог бірден балаға көмек береді. Бұл жұмыстың бастапқы кезеңдерінде толық көмек түрі болса, кейіннен көмек түрі азайтылып, баланың дербес жауабына дейін созылады. Бала өз бетінше дұрыс жауап берген кезде – бала міндетті түрде мадақталады. Мадақтау баланың ұнататын заты немесе әлеуметтік мадақтаулар болуы мүмкін. I кезеңнің жаттығулары бала 80 % және одан жоғары жауап берген кезде аяқталады және II кезеңге ауысады [5].

II кезең – материалды бекіту. Бала бірінші кезеңде игерген жаттығуларын бекіту мақсатында оны өзге нұсқаулықтармен алмастыра отырып, сынақтан өткізеді. Мысалы: бекітілген нұсқаулық – қолыңды көтер!. Ал, II кезеңде оны «аяғыңмен топ – топ жаса», «партаны соқ» нұсқаулықтарымен толықтыруға болады. Яғни, педагог нұсқаулықты жылдам түрде, оларды кезектестіре айтады. I кезеңдегідей көмек түрлері толық көмектен басталып дербес жауапқа дейін жеткізіледі. Тапсырманы 80 % жоғары орындаған жағдайда оны генерализация жасай отырып, бекітуге болады. Әрі қарай тапсырмалар дәл осы кезеңділік бойынша жүзеге асырылады [6].

III кезең – жалпылау және бекіту. Бұл кезеңде балалар осыған дейін игерген дағдыларын жалпылау жұмысын жүргізеді. Баланың I, II кезеңде игерген дағдыларын әртүрлі жағдайларда жалпылау жұмысы ұйымдастырылады. Мысалы, бала «қолыңды көтер» нұсқаулығын өз сыныбында орындаған болса, бұл кезеңде бұл нұсқаулық үйде, басқа сыныпта және басқа орындарды сыналады. Орындардан бөлек тапсырманы беретін адамдарда жалпыланады. Бастапқыда бұл тек қана педагог болса, кейіннен баланың ата – анасы, әжесі немесе достары бола алады. Осылайша бала, оқу негізінде алған нұсқаулықтарын әлеуметтік ортада қолдануға үйренеді [7].

Төртінші кезең – қорытынды кезең. Бұл кезеңде бала онымен жұмыс істейтін тапсырмаларды игеріп қана қоймай, жаңа тапсырмаларды өз бетінше түсіне бастайды, енді қосымша жұмыс қажет емес екендігін түсінеді. Мысалы, оған «есікті жабу» тапсырмасы беріледі, олар 1-2 рет көрсетеді және әрі қарай баланың дербестігі артады. Егер бұл нәтиже берсе, онда бағдарлама игеріліп, АВА-терапия сабақтары өзге бағдарламалық мазмұнмен ауысады. Бала қоршаған ортадан және әдетте дамып келе жатқан балалар сияқты ақпаратты одан әрі игере бастайды [8].

Барлық кезеңдер бойынша балалар өмір саласының әртүрлі саласына қажетті білімдерді, дағдыларды игереді. Ал, ең бастысы баланың барлық әрекеттері талданады және бақыланады. Соның нәтижесінде, жағымсыз мінез-құлықтың деңгейі төмендеп, қоғамдық жағымды мінез-құлық артады. Мәселен, бала

жауап беру үшін қол көтеруді, қажетті заттарды дұрыс сұрауды, кезегін күтуді және басқа да дағдыларды игереді [9].

АВА – терапияның бағдарламасын құрастыру кезінде кезеңдерден бөлек баланың мадақтау жұмысында қолданылатын заттарға да мән беру қажеттігі ұсынылады.

Бірінше кезеңде көп жағдайда тағамдық мадақтаулар қолданылады. Бұл баланың жақсы көретін тәттілері, жемістер, сусындар мен өзге де тағам түрлері болуы мүмкін. Мадақтау ретінде таңдалған тағам түрі бірнеше ұсақ бөліктерге бөлініп, баланың әрбір дұрыс жауабы үшін беріледі [10].

Екінші кезеңде балаларға жетон технологиясы енгізіледі. Яғни, бала әрбір дұрыс жауаптары үшін жетонға ие бола отырып, оның белгілі бір көлемін жинағанда мадақтау затына ие болады. Яғни, бұл кезеңде балалар әрбір дұрыс жауап үшін емес, жауаптар тобы үшін мадақтауға ие болады. Жетонды толық жинаған соң педагог оны балаға міндетті түрде көрсетіп, баланың жұмысын бағалайды [11].

Үшінші және төртінші кезеңдерде балалардың дұрыс жауаптары үшін әлеуметтік мадақтауға ие болады. Мысалы, бала тапсырманы дұрыс орындаған кезде педагог оған «Жарайсың, сен тапсырманы жақсы орындадың!» сөзі арқылы оның жұмысын бағалай алады. Осылайша бала нақты әлеуметтік өмірдегі жағдаяттар шеңберіне шыға алады [12].

Сонымен қатар, көптеген авторлар балалардың мадақтау жұмыстары үшін үзілістер беру, эмоционалды жағдаяттар ұйымдастыру және ойыншықтарды қолдану нәтижелі болатындығын атап өтті.

Теориялық зерттеуді қорытындылай отырып, АВА – терапияны логопедияда қолданудың мүмкіндіктерінің кең екендігін тұжырымдай аламыз.

### **Зерттеу әдістері және материалдары**

Зерттеу жұмысын іске асыру және ұйымдастыру негізгі арнайы педагогика, психология, логопедия және мінез-құлықты қолданбалы талдау ғылымдарының концепциялары құрады.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөздік қорының даму деңгейін анықтау үшін төмендегі әдістер қолданылды:

#### **1. «Кері мағынасын ата» [13]**

Автор: Парамонова Л.Г.

Мақсаты: сөздердің антонимін атау арқылы белсенді сөздік қорының даму деңгейін анықтау.

Барысы: балаларға сөздер қатары шаблонда беріледі немесе ауызша айтылады. Бала сол сөздердің антонимін атайды. Балаға ұсынылатын сөздер:

Ұзын-қысқа;

Жуан-жіңішке;

Ақ-қара;

Ыстық-суық;

Жоғары-төмен.

#### **Бағалау жүйесі:**

3 балл – жоғары деңгей – бала ұсынылған 5 сөздің барлығының кері мағынасын білдіретін сөздерді атайды.

2 балл – орташа деңгей – бала ұсынылған 3-4 сөздің кері мағынасын білдіретін сөздерді атайды.

1 балл – төмен деңгей – бала ұсынылған 0-2 сөздің кері мағынасын білдіретін сөздерді атайды.

#### **2. «Іс – қимылды ата» әдісі [14]**

Автор: Лалаева Р.И.

Мақсаты: белсенді сөздік қорының даму деңгейін анықтау.

Барысы: балаларға іс-қимылды білдіретін суреттер сериясы ұсынылады. Балаға «зат есім + етістік» сурет ұсынылып, зат есім қосарласа қойлатын сұрақтар беріледі. Мысалы: бала не істеді?

Ұсынылатын сөздер: қыз ойнады, бала ұйықтады, қыз жүгірді, аю отырды, бала секірді, қыз оқыды.

#### **Бағалау жүйесі:**

3 балл – жоғары деңгей – бала берілген 6 етістіктің барлығын дұрыс атайды.

2 балл – орташа деңгей – бала 3 – 5 етістікті дұрыс атайды.

1 балл – төмен деңгей – бала 0 – 2 етістікті дұрыс атайды.

Қолданылатын әдістер анықтаушы және қорытынды негізде тексерістен өтті.

#### **Зерттеу нәтижелері**

Зерттеу жұмысына «163 бөбекжай – балабақшасында» тәрбиеленетін, аутистік спектр бұзылысы бар 4-5 жастағы 5 бала қатысты. Зерттеу нәтижелерін шығару кезінде көрсеткіштерді сандық және сапалық негізде талдау жүзеге асырылды. Алынған нәтижелер шаблондарға тіркеліп, «жоғары – орташа – төмен» деңгейлер негізінде талданды. Алынған нәтижелер төменде берілді:

Кесте 1. Анықтаушы эксперименттің нәтижелері

Р/с	Қатысушының №	Кері мағынасын ата	Суретті сипатта
1	№ 1	1	2
2	№ 2	1	1
3	№ 3	2	2
4	№ 4	1	1
5	№ 5	1	1

Кестеден көріп отырғанымыздай, екі әдіс бойынша да төмен деңгейлер алынды. Балалардың сөздік қорының төмендігі олардың фразалық сөйлеу тілінде, сөздер мен сөздерді, сөйлемдерді байланыстыруда және сөзжасамда айқын байқалады. Сөздердің қарама-қарсы мағынасын атау кезінде балалардың басым бөлігі олардың қимыл әрекетін білдіретін сөздерді немесе тура атауын атады.

Сөздерді кері мағынасы арқылы атау кезінде балалар сөздердің ассоциациялық мәніне ие сөздері атауы, синоним сөздерді атауы немесе оның әрекетін білдіретін сөздерді атау құбылысы жиі байқалды. Балалар «сөздердің қарама-қарсы мағынасы» түсінігін игермеген, соның салдарынан жауаптарда тіркелген көрсеткіштердің басым бөлігі төмен деңгейіне сай болды.

Сонымен, жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, «Кері мағынасын ата» әдісі бойынша 20% орташа, 80% төмен көрсеткіштер алынды. «Суретті сипатта» әдісі бойынша 40% орташа, 60% төмен деңгей алынды.

Көрсеткіштердің мұндай төмен болуы аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөздік қорын дамыту жұмысының қажеттігін дәлелдеді.

#### **Нәтижелер және оларды талқылау**

Сөздік қоры – ауызша қарым-қатынасты сәтті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі. Сөздік қорының дамуы сөйлеу тілінің өзге құрылымдық бөліктерінің көрсеткіштерін анықтайды. Сол себепті, оны зерттеу мен ерекшеліктерін анықтау мәселесі маңызды болып табылады.

Зерттеу нәтижелерінде алынған нәтижелердің төмендігі аутистік спектр бұзылысы бар балалардың белсенді сөздік қорының дамуының олардың жасына сай емес екендігін аңғартады. Мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың игеруі тиіс сөздері мен оларды қарым-қатынас құралы ретінде қолдану мәселесін есепке алатын болсақ, алынған нәтижелерді төмен деп бағалауға негіз бар.

Сөздік бірліктерді қарым-қатынаста әртүрлі мағынада қолдану, оларды сөзжасам негізінде түрлендіру мен антоним, синоним негізінде қолдану дағдыларының жеткіліксіз деңгейде қалыптасқандығы олармен логопедиялық жұмысты жаңа бағытта ұйымдастыру қажет екендігін анықтайды.

**Қорытынды.** Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөздік қорының дамуы мәселесі логопедтер мен мінез-құлықты қолданбалы талдау мамандары үшін өзекті мәселе болып табылады. Логопед мамандар сөздік қорын дамытуды сөздікті дамыту ретінде қарастырса, мінез-құлықты қолданбалы талдау мамандары (АВА – терапия мамандары) бұл бұзылысты «вербальді мінез-құлық» ретінде дамытады. Сондықтан, логопедия ғылымы мен АВА – терапияның негізгі қағидалары мен мазмұнын біріктіре отырып, аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша модельді ұсыну орынды болады деп болжаймыз [15].

Сондықтан, аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөздік қорын АВА – терапия арқылы дамыту жұмысының мынадай негізгі педагогикалық шарттарын ұсынамыз:

1. Мектеп жасына дейінгі аутистік спектр бұзылыс бар балалардың сөздік қорын дамыту бойынша жұмыстың бастапқы кезеңінде логопедия ғылымы мен АВА – терапия қағидаларын жүйелеу;
2. Мектеп жасына дейінгі аутистік спектр бұзылыс бар балалардың сөздік қорын дамыту бойынша логопедиялық жұмысты мінез – құлықты басқару арқылы реттеу;
3. Мектеп жасына дейінгі аутистік спектр бұзылыс бар балалардың сөздік қорын дамыту бойынша жұмысты балалардың сұрау (манд), жедел айту (такт) дағдыларын дамыту жұмысынан бастау;
4. Мектеп жасына дейінгі аутистік спектр бұзылыс бар балалардың сөздік қорын дамыту бойынша жұмыстың мазмұнын жеке бағдарлама негізінде әзірлеу.
5. Логопедиялық жұмысты ұйымдастыру кезінде АВА – терапияның элементтерін сөйлеу бұзылысының түріне, сабақтың мақсатына қарай бейімдеу.

Қорыта айтқанда, мектеп жасына дейінгі аутистік спектр бұзылыс бар балалардың сөздік қорын дамыту бойынша жұмыстың жоғарыда аталған педагогикалық шарттарын есепке алатын болсақ, жұмыстың нәтижесінің сапасы артады.

#### References

- [1]. Bessmertnaia IY. V. *Osobennosti razvitiia kommunikativnykh sposobnostei doşkolnikov s rasstroistvami autisticheskogo spektra* : avtoref. dis. kand. psihol. nauk. Ekaterinburg, 2008.
- [2]. Kanner L. *Autistic disturbances of affective contact (neopr.)* // *The Nervous Child*. — 1943. — T. 2. — S. 217—250.
- [3]. Lovaas, O. Ivar; Smit, Tristram (1988), "*Intensivnoe povedencheskoe lechenie malenkih detei s autizmom*", *Dostizheniia v oblasti klinicheskoi detskoi psihologii*, Boston, Massachusetts: Springer US, str. 285-324, doi: 10.1007/978-1-4613-9829-5\_8, ISBN 978-1-4613-9831-8
- [4]. Bondi, . *Sistema alternativnoi kommunikatsii s pomosh'yu kartochek PECS*. . Bondi, L. Frost. – M. : Terevinov, 2011.
- [5]. Movkebayeva Z.A., Oralkanova I.A., Mazhenov B., Beysenova A., Belenko O. *The model of formation of readiness of teachers to work in conditions of inclusive education*// *International Journal of Environmental and Science Education*. - ISSN: 1306-3065.-№11.-2016
- [6]. Z.Movkebaeva, I. Denissova (with co-authors. *Students Attitude towards Co-Education with Disabled People in Higher Education Institutions*. *Journal of Entrepreneurship Education Research Article*: 2017 Vol: 20 Issue: <https://www.abacademies.org/articles/students-attitude-towards-coeducation-with-disabled-people-in-higher-education-institutions-6917.html>
- [7]. *Detskii autizm : hrestomatiia*, sost. L. M. Şipitsyna. Sankt-Peterburg : Didaktika Pliys, 2001.
- [8]. Ivanov E.S., Demianchuk L.N., Demianchuk R.V. *Detskii autizm: diagnostika i korrektsiia. Uchebnoe posobie dlia studentov vysshiih i srednih pedagogicheskikh, psihologicheskikh, meditsinskih uchebnykh zavedenii* . Spb., Izd-vo «Didaktika pliys», - 2004.
- [9]. Baenskaiia, E. R. *Autichnyi rebenok. Puti pomosh'i*. E.R. Baenskaiia, M. M. Libling, Nikolskaiia O. S. – Izd. 8-e – M.: Terevinf, 2014.
- [10]. Bogdaşina, O. *Autizm: opredelenie i diagnostika*. O. Bogdaşina. Donetsk: Lebed, 1999.
- [11]. Gilbert K., Piters T. *Autizm. Meditsinskoe i pedagogicheskoe vozdeistvie : kniga dlia pedagogov-defektologov. Per. s angl. O.V. Deriaevoi ; pod nauch. red. L.M. Şipitsynoi; D.N. Isaeva. M.: Gumanitar, izd. tsentr VLADOS, 2005*
- [12]. Ivanov E.S., Demianchuk L.N., Demianchuk R.V. *Detskii autizm: diagnostika i korrektsiia. Uchebnoe posobie dlia studentov vysshiih i srednih pedagogicheskikh, psihologicheskikh, meditsinskih uchebnykh zavedenii* . Spb., Izd-vo «Didaktika pliys», - 2004.
- [13]. Paramonova, L.G. *Logopediia dlia vseh*. Piter, 2009. – 60 b.
- [14]. Lalaeva R.I. *Logopedicheskaia rabota v korrektsionnykh klassakh*. M., 2013. – 133 b.
- [15]. Kon Ş. *Kak jit s autizmom? Psihologo – pedagogicheskie rekomendatsii po vzaimodeistviu i rabote s detmi s autizmom*. Moskva: In-t obşegumanitarnykh issled., 2014